

## Мұғалжар ауданы Ақкемер ауылдық округінің Жарық ауылы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Ақкемер ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 13 желтоқсандағы № 59 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 19 желтоқсанда № 6563 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Ақкемер ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 7 қазандағы № 53 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Ақкемер ауылдық округі әкімінің 07.10.2020 № 53 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Мұғалжар аудандық аумақтық инспекция басшысының 2019 жылғы 10 желтоқсандағы № 2-12-4/219 ұсынысы негізінде, Мұғалжар ауданы Ақкемер ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мүйізді ірі қара малдары арасында бруцеллез ауруының анықталуына байланысты, Мұғалжар ауданы Ақкемер ауылдық округінің Жарық ауылы аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Мұғалжар ауданы Ақкемер ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;  
2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Мұғалжар ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Д. Кужаньязов

